«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС
2025-2026 оқу жылына арналған «Адал азамат» тәрбие бағдарламасының қыркүйек айында атқарылған жұмыстарының
қорытындысына талдау

1 – қыркүйек Білім күні салтанатты жиынының және 2 қыркүйек «Менің Отаным - Қазақстан» бірыңғай сынып сағаттары анықтамасы

1 қыркүйек - білім күні. Бұл күн әр баланың көкірегіне нұр құйылған, әр ұстаздың жүрегі тебіреніп, көңіл шарықтаған, әр ата - ананың мерейі өсе түскен нағыз қуанышты күн.

Мектебімізде **"Мектебім - мейірім мекені"** тақырыбында 1,2-4 сынып оқушылары үшін алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. Мектеп директоры Базарбаева Айгерим Саутбекқызы өскелең ұрпақты тәрбиелеуде жеткен жетістіктері мен кәсіби шеберліктері үшін және 1-қыркүйек білім күніне орай құттықтау лебіздері айтылды. Оқушыларымыз шарықтатып ән шырқап, мың бұралып билеп өнерлерін ортаға салды және мектеп табалдырығын аттаған кішкентай бүлдіршіндеріміз алғашқы қоңырау соқты. Салтанатты іс-шараның мақсаты: Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында оқушылар бойында білім алудың басымдығы мен маңыздылығын және оқуға деген жағымды көңіл-күй,оң көзқарас қалыптастыру.

Іс-шара барысында саптық жиын әнұранмен басталып, 1-сынып бүлдіршіндерін мектеп табалдырығына қабылдау рәсімі өткізілді. Сонымен қатар ата-аналар құттықтауы болды.



«Мектебім-мейірім мекені» мерекелік іс-шарасы

2 қыркүйек күні **«Менің Отаным - Қазақстан»** тақырыбында 1-4 сынып оқушыларымен сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын өткізді.

«Менің Отаным - Қазақстан» тәрбие сағаты

Анықтама жазған: ДТІЖО Абильбекова Л.А

Мектеп оқушыларына «Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен мектеп формасына қойылатын талаптары» ақпараттық түсіндіру жұмыстары

2025–2026 оқу жылының басында мектеп оқушылары арасында «Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен мектеп формасына қойылатын талаптары» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізілді. Іс-шараның мақсаты – білім алушыларға мектеп ережелерін сақтау, тәртіпке бағыну, сондай-ақ мектеп формасын талапқа сай киюдің маңыздылығын түсіндіру болып табылады.

Түсіндіру барысында мектептің ішкі тәртіп ережелері жан-жақты қарастырылып, оқушыларға оқу процесінде сабаққа кешікпеу, сыныпта, дәлізде және жалпы мектеп аумағында өзін-өзі дұрыс ұстау, мұғалімдер мен сыныптастарға құрметпен қарау қажеттілігі түсіндірілді. Сонымен қатар оқушылардың сабаққа жүйелі дайындалып келуі, мектеп мүлкін күтіп ұстауы, қауіпсіздік талаптарын орындауы секілді негізгі ережелерге ерекше назар аударылды.

Мектеп формасына қойылатын талаптар да нақты түсіндірілді. Әрбір оқушының мектепке бекітілген бірыңғай формада келуі, ұқыпты, жинақы болуы, артық әшекей бұйымдарды тақпау, шаш үлгісін және сыртқы келбетін талапқа сай ұстау мәселелері талқыланды. Бұл бағытта ата-аналардың қолдауының да маңызы зор екендігі айтылды.

Қорытындысында, аталған түсіндіру жұмыстары оқушыларға мектеп тәртібін сақтау мен мектеп формасын киюдің тек сыртқы талап емес, тәртіпке, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейтін маңызды құрал екендігін ұғындырды. Шара барысында барлық сынып оқушылары белсенділік танытып, мектеп ережелерін сақтауға міндеттенді.

Анықтама жазған: ДТІЖО Л.Абильбекова

Анықтама

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС -де 2025 жылдың қыркүйек айында Отбасы күніне орай 2 сынып жетекшілері мен оқушылардың ата-аналарының қатысуымен «Отбасы – бақыт мекені » атты топтық жарыс ұйымдастырылды. Шараның негізгі мақсаты – отбасылық құндылықтарды дәріптеу, оқушылардың бойында ата-анаға деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру, мектеп пен ата-аналар арасындағы байланыстарды нығайту болды.

Жарыс барысында әр сынып оқушылары өз отбасымен бірге отбасындағы дәстүрлерін, бірге өткізетін бос уақыттарын, ата-әже, әке-шеше, бала арасындағы сыйластық жпйында айтты. Бұл бастама ата-аналардың белсенділігін арттырып қана қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға да ықпал етті.

Іс-шара барысында отбасылық құндылықтардың бала тәрбиесіндегі рөлі ерекше атап өтілді. Мұғалімдер мен ата-аналар «Отбасы – адам бойындағы ізгі қасиеттердің алғашқы ұясы» екендігін, бала тәрбиесінде ата-ана үлгісінің шешуші мәнге ие екенін талқылады. Сонымен қатар отбасындағы сенім мен сыйластықтың мектептегі тәрбие үрдісімен тікелей байланысты екені айтылды.

Жарысқа қатысқан отбасылардың жұмыстарынан ата-ана мен бала арасындағы мейірім мен қамқорлық айқын көрініс тапты. Қорытындысында «Отбасы – бақыт мекені» атты жарыста мектеп оқушылары мен ата-аналарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, отбасы құндылықтарын дәріптеудің тамаша үлгісіне айналды. Жарысқа 8 ата-ана, 8 оқушы қатысты.Жарыста ата-аналар мен мектеп арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтып, оқушыларға өнегелі тәрбие беруде үлкен маңызға ие болды.



Анықтама жазған ДТІЖО Л.Абильбекова

Анықтама

2025 жылдың қыркүйек айында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысының бір бөлігі ретінде ата-аналарға «Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы ұстаз және қауіпсіз мектеп»тақырыбындағы сынып ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – ата-аналарға балаларының оқуын тиімді жоспарлауда, уақытты дұрыс бөлуде қолдау көрсету және отбасында күн тәртібін үйлестірудің маңызын түсіндіру болды.

Күн тәртібі:

1. Мектеп пен ата-аналар комитетінің бірлескен жұмысын ұйымдастырудың басымдықтары.
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру және мектеп формасы.
3. Мектеп ата-аналары комитетінің төрағасы мен алқасын сайлау.

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Абильбекова 2024-2025 оқу жылындағы ата-аналар комитетінің жұмыс жайлы мәлімет айтты. Ата-аналар комитеті тек көмекші емес, мектеп өмірінің белсенді бастамашысына айналатындығын атап айтты. Жаңа оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебімізде Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы өз жұмысын жалғастырып, орталықпен қатар «Даналық мектебі» ата-аналар клубы да жүйелі жұмыс атқарып,ай сайын ата-аналар үшін бала тәрбиесіне байланысты маңызды тақырыптарда тәрбиелік сабақтар, тренингтер, кездесулер өткізілетіні жайлы атап айтты. Жиналыс барысында ата-аналарға уақытты басқарудың негізгі қағидалары түсіндірілді: күнделікті жоспар құру, басымдықтарды анықтау, баланың демалысы мен оқуын үйлестіру, артық уақытты әлеуметтік желіге немесе телефонға жұмсауды шектеу.

2 мәселе бойынша ата-аналарға мектептің ішкі тәріп ережесін толық таныстырып өтті. «Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы ұстаз және қауіпсіз мектеп»тақырыбында баяндама оқылды.

Баяндамада келесі мәселелер қозғалды:

- Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі мен жауапкершілігі;
- Мұғалім мен ата-ананың тығыз байланысы – тәрбиенің негізі;
- Оқушылардың формасы, сыртқы тазалығы.
- Жол қауіпсіздік ережелері (оқушыларды көлік тасымалына шығарып салу және күтіп алу).

3 мәселе бойынша мектеп ата - аналар комитеті сайланды.

Комитет мүшелері :

Мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы – Қарабаев Жорабек Құрмашұлы

Комитет мүшесі – Мамаева Гүлзинат

Комитет мүшесі – Қалданова Жанар Алжанқызы

ШЕШІМ:

1. Ата-аналар, ұстаз және мектеп ұжымы бірігіп жұмыс істеу арқылы бала тәрбиесіне үлес қосады.
2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тұрақты түрде ақпараттық жұмыстар жүргізіледі.
3. Сыныптағы ата-аналармен тығыз байланыс орнату үшін арнайы WhatsApp тобының жұмысы жандандырылады.
4. Бала тәрбиесінде адалдық, тәртіп пен еңбекқорлық басты ұстаным болатыны ата-аналар тарапынан қолдау тапты.

Жиналыс барысында ата-аналарға уақытты басқарудың негізгі қағидалары түсіндірілді: күнделікті жоспар құру, басымдықтарды анықтау, баланың демалысы мен оқуын үйлестіру, артық уақытты әлеуметтік желіге немесе телефонға жұмсауды шектеу.



Анықтама жазған ДТІЖО Л.Абильбекова

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС -де 2-4 сынып қыздарымен өтілген «Қызым үйде, қылығы түзде» жиналысының хаттамасы

Өткізілген күні: 11 .09.2025
Қатысқандар:
ДТІЖО: Л.Абильбекова
Қыздар ұйымының төрайымы: К.Ешмуратова
Мектеп медбикесі: А.Ташмуратова
2-4 сынып қыздары, сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. Қыз бала тәрбиесі –ұлт тәрбиесі
2. Қыз баланың гигиенсы
3. Мектептің Ішкі тәртіп Ережелерінің сақталуы

Тыңдалды:

ДТІЖО Л.Абильбекова күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша «Ана көрген- тон пішер» мақалымен өз ойын жеткізді. Қыз бала тәрбиесіне жауапты анасы екендігіне, ана дұрыс тәрбие бергенде ғана нағыз иманды, инабатты, көркем мінезді қыз өсетіндігіне тоқталды. Дегенмен қазіргі таңда батыс пен америка тәлімі жастардың санасына сіңіп кеткендігін және кері әсерін беріп жатқандығын да атап өтті.

Сөйледі:

Мектеп медбикесі А.Ташмуратова өз сөзінде қыз бала гигиенасына тоқталып өтті. Ол таңғы жуынардан басталып, шаш, бет, дене күтіміне ұласатындығын атап өтті. Шаш, бет, дене күтімі туралы кеңестер беріп өтті. К.Ешмуратова бейнеролик көрсетіп, қыздармен сұрақ қою арқылы өз ойларымен бөлісті.

Сөйледі:

ДТІЖО Л.Абильбекова күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша Мектептің Ішкі тәртіп Ережелері талаптарына, соның ішіндегі қыз бала формасы ақ көйлек, тізеден төмен түсетін қара көк белдемше (юбка).Ескере кететін жайт күн суығанда қою көк түсті тобықтан төмен түсіп тұратын шалбар рұқсат етілетіндігіне тоқталды. Мектептің Ішкі тәртіп Ережесінде көрсетілгендей діни сипаттағы киімдерді киюге және түрлі белгілерді тағуға (хиджаб, никаб, бурка, паранджа, сикх тюрбандары, иудейлер бас киімі-кипа, крестиктер, айшықтар және т.б.);Ашық киім киюге (ішін, белін, кеудесін жаппайтын), боянуға (ерінге далап жағу, бетке опа-далап жағу), шашын бояуға, шашын жайып жүруге тыйым салынатындығын қатаң ескертіп өтті.

Шешім:

1. Мектеп қабырғасында қыз балаға лайық тәртіп көрсету.
2. Қыз бала гигиенасы талаптарын орындау
3. Мектептің Ішкі тәртіп Ережелерінде көрсетілген талаптарды орындау.

Анықтама

Әр адам өзінің тілін шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап құлағына сіңіруі тиіс. Себебі,тілін білмеген адамның ғана бойында патриоттық сезім қалыптасады. Олар елге,ұлтқа пайдалы мәселелерді қозғап ,жауапкершілікті сезінеді. Өйткені ,мемлекеттік тіл елімізде аса маңызды да,ең өзекті мәселе.

2025 жылдың 5 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының тілдер мерекесіне орай мектебімізде **«Тіл – тәуелсіздік тұғыры»**атты іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – мемлекеттік тілді, ұлттық құндылықтар мен ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу, оқушылардың тіл байлығын арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру болды. Шара барысында оқушылар тіл туралы өлеңдер оқып, көріністер қойды, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер арқылы тілдің маңызына тоқталды. Сонымен қатар, түрлі ойындар, сұрақ-жауап сайыстары ұйымдастырылып, оқушылар өнер көрсетіп белсенділік танытты. Іс-шара жоғары деңгейде өтті, оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігі артты, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігі айқын көрінді. Мектебіміздің оқу-ісі жөніндегі орынбасары Б.Аймагова құттықтау сөзінде Елбасының данышпан саясатының арқасында елімізде қоныстанған барлық ұлттардың тілдерін,мәдениетін,сондай-ақ мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру бағытында қол жеткізген айтарлықтай жетістіктерге тоқталып, іс шарада белсенділік танытқан сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне өз ризашылығын білдірді.

Анықтама

Ұстаздар мерекесіне байланысты «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС- де «Ұстазым, ұлағатым, үлгі өнегем» тақырыбында оқу жылына арналған жоспарына сәйкес іс-шаралар өткізілді. Іс-шаралар өткізу мақсаты: «Мұғалімдер күні» мерекесін мерекелеу және мұғалім мәртебесін арттыру. Ұстаздар мерекесіне байланысты 1 – 4 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді. Атап айтқанда «Ұстаз – ұлағатты есім» атты бірыңғай сынып сағаттары жүргізілді. Сынып сағаттары барысында сынып жетекшілер оқушыларға ұстазды құрметтеуге, оларды түсіне білуге, бағалауға үйретіп, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндірді. Білім алуға саналы көзқарастарын нығайтып, жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттерін дамытып, ұстазды әрқашан сыйлауға тәрбиеледі.
Елімізде жыл сайын қазан айының алғашқы жексенбісінде тойланатын "Ұстаздар күні" мерекесі мектепте өз деңгейінде аталып өтілді. 3 қазан күні «Ұстазым, ұлағатым, үлгі өнегем» тақырыбында салтанатты шара өтті. Салтанатты шара мектептің өнерпаз жастарының ұстаздарына тарту ретінде әзірлеген концерттік бағдарламасына ұласты. Бағдарлама барысында мектеп оқушылары өздерінің шығармашылық өнерлерін көрсетіп, ұстаздарға арналған жылы тілектері мен алғыстарын білдірді. Іс – шараның соңында, оқушылар әр мұғалімге арнайы өлең шұмақтарын арнап, гүл шоқтарын сыйлады. Іс – шаралар барысында мұғалім жас ұрпақты ұстаздар қауымын сыйлауға тәрбиелеп, ұстаздың шәкірттерге ең беделді үлгі болатын жан екені туралы ұлылардың нақыл сөздерімен таныстырып, сондай – ақ, оқушылар өздерінің ұстазға деген сүйіспеншілігі мен сөздерін білдіріп, өнерлерін көрсетті. Мектеп фойесінде «Ұстазым, ұлағатым, үлгі өнегем» атты баннер безендірілді, сонымен қатар «Ұстазым» челленджі түсірілді

Анықтама дайындаған ДТЖО Л.Абильбекова

Қарттар күніне орай өткізілген іс-шаралар анықтамасы

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС -де 1 қазан- халықаралық қарттар күніне орай **«Қуаныш сыйлайық»** атты акциясы өткізілді. Акция аясында 4 сынып оқушылар мен сынып жетекшілері зейнет жасындағы қарттарды құттықтап,қарттарға арнап сыйлықтарын алып және көмек қолын сөзып келді. Шара барысында оқушылар қарттардың өмірлі жолымен танысып, бойларына адами жақсы қасиеттерді сіңірді.

Бастауыш сыныптар арасында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Қарт жүрген жер береке» тақырыптарында сынып сағаттары өтілді. Сабақ барысында оқушылардың бойына үлкенді құрметтеу оларға әрдайым көмек қолын сөзу,үлкендердің өмірлік тәжірібиесін сыйлау және ақылдарын тыңдау туралы айтылды және бойларына сіңірді.

Сонымен қатар 2-4 сынып оқушылары арасында «Менің атам, менің әжем» тақырыбында сурет байқауы өткізілді.

Анықтаманы жазған ДТІЖО Л.Абильбекова

Анықтама

Өткізілген күні: 9 .10. 2025 жыл
Өткізілген орны: 11 кабинет
Қатысқандар : 3-4 сынып қыздары
Тақырыбы: «Сымбатты ару – салауатты өмір иесі»
Мақсаты: Қыз балаларды салауатты өмір салтын ұстануға, өз денсаулығына ұқыптылықпен қарауға, тазалық пен инабаттылықты сақтауға тәрбиелеу, қазақ қыздарының ұлттық болмысын құрметтеуге баулу.
Қатысқандар:
Сынып жетекшісі: М.Айтбаева, Қ.Дәуренбекова
ДТІЖО: Л. Абильбекова
ҚҰТ: К. Ешмуратова
Күн тәртібі:

1. «Сымбатты ару – салауатты өмір иесі» тақырыбында тәрбие сағаты өткізу.
2. Қыз баланың жеке тазалығы мен сымбаты туралы түсінік қалыптастыру.
3. Денсаулық, мәдениет, инабаттылық пен салауатты өмір салтының өзара байланысын түсіндіру.
4. Оқушылардың бойында өз-өзіне сенімділік, жинақылық және жауапкершілік қасиеттерін дамыту.

Барысы:
Тәрбие сағаты жылы шырайлы амандасумен басталып, мұғалім оқушыларды тақырыппен таныстырды.ДТІЖО Л.Абильбекова қыз баланың қоғамдағы, отбасындағы рөлі туралы айтып өтті. «Қыз бала – ұлттың айнасы, елдің көркі» деген сөздің мәнін түсіндіре отырып, әр қыздың өз қадірін біліп, әдепті, инабатты, таза болу керектігі ерекше айтылды.
Жиналыс барысында ҚҰТ Қ.Ешмуратова слайд-презентация арқылы «Салауатты өмір салты», «Денсаулық – басты байлық», «Тазалық пен сымбат» сияқты бөлімдерді түсіндіріп өтті.Оқушылармен бірге мына сұрақтар талқыланды:

- Салауатты өмір салты деген не?
- Қыз бала қалай өз сымбатын сақтай алады?
- Тазалық пен тәртіптің өмірдегі маңызы қандай?

Оқушылар өз ойларымен белсенді бөлісіп, өмірден мысалдар келтірді.
Кейбір оқушылар «Менің анам – менің үлгі-өнегем» тақырыбында шағын әңгімелер айтты.
Сабақта мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер қолданылды:
«Денсаулық – зор байлық», «Тазалық – саулық негізі», «Қыздың көркі – әдеп пен ұят».

Қыз балалар салауатты өмір салтын сақтау үшін не істеу керектігін айтып өтті:

- Дұрыс тамақтану;
- Уақытылы ұйықтау;
- Таңертең жаттығу жасау;
- Тазалықты сақтау;
- Кітап оқу және әдепті болу.

Жиналыс соңында қыздарға арналған бейнежазба көрсетіліп, ортақ қорытынды жасалды.





Мектеп директоры: А.Базарбаева